



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҮШТІЛДІЛІКТІҢ БАСТАУЫ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Тағай Ұлжан Кенжеханқызы

nazarbaeyev@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Л. И. Смолина.

Әр ғасырдың, уақыттың өзіндік ерекшеліктері болады. Біз өмір сүріп жатқан ХХІ ғасыр-ақпарат, техниканың заманы. Күн сайын әлемнің әр қиырында түрлі жаңалықтар ашылып жатыр. Оларға ілесу, тіпті, кейде мүмкін еместей. Бірақ еліміздің, бүкіл Жер шарының болашық тағдыры біздің, жастардың қолында. Мемлекеттердің бұрынғысынша білекпен емес, біліммен, жаңалықпен жарысатын, бәсекелестікке түсетін заманы.

Қазір Республикамызда үштілділік саясаты жүргізілуде. Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы. Мемлекеттік тіл – Ана тіліміз – қазақ тілі, ұлт аралық қатынас тілі – орыс тілі және ақпарат тілі- ағылшын тілі. Қазіргі таңда тілді үйрену қиындық туғызбайды. Тіпті үйден шықпай- ақ, ғаламтор арқылы онлайн сабақтармен үйрену де қарастырылған. Көп тіл білгеннің еш зияны жоқ екенін атам қазақ бұрыннан «Ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, ақын Қадыр Мырза-Әли ағамыз айтқандай, қай елге барсаң да, сол елдің тілінде сайрап, еркін ой алмассаң керемет емес пе?![1]

Жалпы, қазақ халқы еліктегіш келеді. Жаңа затты тез үйреніп алады. Патша Өкіметі одан әрі Кеңес Одағы дәуірінде жаппай орыстандыру саясаты арқылы қазақтың бүкіл денесінде орыс тілі сіңіп қалды десек артық айтқанымыз емес. Аңсап жеткен тәуелсіздігімізді алсақ та бұл саясаттан арылуымыз қиынға түсуде. Әлемдегі ең үлкен шекара Қазақстан мен Ресей екенін ескерер болсақ, тек қана ана тілімізді дамыту арқылы алға басу қажеттілігі туындайды. Өз ана тіліміз ақсаңдап тұрған шақта, ақпарат, жаңа заман тілі болған – ағылшын тілін үйрену қажеттілігі елімізде басымдық алуда. Жастарымыздың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығы – көз қуантарлық екенін жасыра алмаймын. Бірақ, кейбір жастардың мемлекеттік тілді үйренуге деген талпынысының тіпті жоқ екенін айту...

Қазақ баласы әуелі отбасында Қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, Қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі Абай Құнанбайұлы, М. Әуезов, Қ. Сәтпаев сияқты талай тарландырымыз қанша жерден ресей топырақтарында білім алса да, сол империяның қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойған. Өйткені, олардың бәрінің де тілі қазақша шыққан, бірі ауыл молдасынан хат таныса, енді бірі ана тілінде мұғалімдерден тіл сындырған. Яғни, тірек мықты. Тіл ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта да шаба алмаған.

Біздің ана тіліміз – шексіз бай, өте көркем тіл. Ана тілінің көркемдігін көркейту ұлт байрағын көтеру мен бірдей десек, қателеспеген болармыз.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында «ұлттық тіл – қазақ ұлтының рухани мәдени байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал» –деп баста көрсеткен болатын.[2]

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үштұғырлығы туралы алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан болатын. 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынса, 2008 жылғы

ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», – деп Үкіметтің алдына нақты тапсырмалар мен айқын бағыттарды белгілеп берді. «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі болуы тиіс» – деп Елбасы берген анықтама үштұғырлы тіл саясатын жүргізудің әліпбиі десек артық айтқандық болмас.

Нұрсұлтан Әбішұлының осы маңызды мәселе туралы ойлары өз жалғасын «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында тапты. «Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі, – дей келіп, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізін құрайтын мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтардың қатарында тарих, мәдениет пен тілдің ортақтығы жататынын айтқан болатын.

Қазақстан қазіргі кезеңде өзінің қарқынды даму жолын таңдаған, елді демократияландыру, ізгілендіру саясатын ұстанған, әлеуметтік өркендеу саласында өз өрнектерін қалыптастыра бастаған елдердің бірі. Республикамыз өз тәуелсіздігін алғаннан бері демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде танылып қана қоймай, әлемдегі алпауыт елдермен сенімді серіктестік қарым-қатынас орнатып, түрлі инвестициялық жобалар жасауда. Елдің саяси және экономикалық өміріндегі тың серпіліс, жаңа талпыныстардың барлығы жаһандағы өзгерістермен де тығыз байланыста дамиды. Сол себепті қазақстандықтардың алдында бірнеше тілді жете меңгеру қажеттілігі туындап отыр.

Ата-бабамыздан жеткен «жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген халық даналығы әлем елдерімен саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыс жасап отырған бүгінгі заманға дөп келіп отыр. Мұның өзі халқымыздың көрегендігі мен ізденімпаздығын паш етеді. «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» деп Ұлы Абай айтқандай, көптілді қатар меңгеру жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашып, ғылым құпияларын меңгеруге, өз қабілетін танытуға мүмкіндік береді.

Көп тілді білу бүгінгі күннің басты қажеттіліктерінің бірі екенін жақсы сезінген жұртшылық жас ұрпаққа үш тілді қатар игерту мәселесіне үлкен қызығушылық танытуда. Әрине үштұғырлы тіл саясаты кешенді түрде жүргізілуді қажет ететін келелі іс. Осы ретте Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті тарапынан бірқатар іс-шаралар атқарылып жатыр. Бұл шаралардың бір тобы үш тілді меңгерудің ғылыми-әдістемелік жағын қамтамасыз етуге арналса, енді бір тобы үштілділікті насихаттауға бағытталады.

Осы уақытқа дейін бұл кеңістік орыс және қазақ тілдеріне берілгенмен, орыс тілі мығым жайғасып, қазақ тілі мемлекеттік тілі ретінде нық орныға алмай келген еді. Енді не болмақ? Дәл осы реформаға жол ашсақ, онда үш тіл бәсекеге түседі. Ең алдымен, жақын болашақта әлемде онсыз да дәурені жүріп тұрған ағылшын тілі ұтады. Қазақ мектебінде информатика, физика, биология, химия пәндерін ағылшын тілінде оқыту онсыз да нақты ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдары саласындағы қолданысы көңіл көншітпей отырған қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі дамуын барынша шектеп тастайды. Қазіргі ғылым мен технология дәуірінде тілдің бұл салалардағы қолданысын шектеу – ұлт тілінің ең маңызды танымдық функциясын атқаруына жол бермей, оны ғылымнан аластауға апаратын жол. Түптеп келгенде озық білім мен жаңа технологияны, физика мен математиканы, химия мен биология негіздерін меңгеруге жарамайтын тіл ешкімге қажет емес. Ғылым тілі бола алмаған тіл мемлекеттік тіл қызметін де толық атқара алмайды. Ағылшын тілінен кейінгі Қазақстандағы басымдығын, үстемдігін сақтап отырған орыс тілі өз позициясын жоғалтпауға бар күшін салады. Біздің елде оған әлеуметтік-лингвистикалық негіз жеткілікті. Тілдік шекарасын тарылтқысы келмейтін көршіміздің ықпалымен қатар, ішіміздегі орыстілді қауым да соған қызмет етеді. Бұл ащы да болса – факт. Ал осыған дейін тілдік бәсекеде бір

тілден ұтылып келген қазақ тілі дәл қазір орыс тілінен әлдеқайда кең тараған ағылшын тілімен бәсекеге төтеп беретін халде емес. Халықаралық қатынас туралы айтпағанда, мемлекет ішіндегі қолданыста әлі аяғынан нық тұрып үлгермеген ана тілімізді екі бірдей әлемдік тілмен бәсекеге салғалы отырмыз. Бұл құбылысты бейнелеп айтар болсақ, әлі қабырғасы қатып, бұғанасы бекіп үлгермеген жас жеткіншекті өзінен салмағы әлдеқайда ауыр, тәжірибелі, тісқаққан түйе палуандармен, әлем чемпиондарымен күрестірумен барабар тірлік. Мұндай бәсекеге демографиялық ахуалы бізден он есе жақсы елдер де барып отырған жоқ. [3]

Бізде өз құндылықтарын бағалау кемшін де, өзгенікінің бәрін артық санау басым. Сондықтан да өз болмысымызды сақтаудан гөрі өзгеге бейімделгіш, еліктегішпіз. Кеше ұлқызымызды қаршадайынан «Орыс тілін білмесең, нан тауып жей алмайсың, адам болмайсың, өспейсің» деп қорқыттық, орысша оқыттық. Олардың нансыз, портфельсіз қалудан қорыққаны сондай, орысша сайрап шығып, өз тілін ұмытып қалды. «Қазақы бала – бала емес» деп өзіміз оларға орыстақы тәрбиені үлгі еттік. «Қазақбай» болма, «қазақбайшылығыңды қой» деп, қазаққа тән нәрсенің бәрін кемсітіп, мәнсінбеу мінезі пайда болды. Бүгін де дәл кешегідей балаларымыздың «Ағылшынша білмесең, болашағың жоқ» деп есін шығарып жатырмыз. Қазақстан – біздің өз үйіміз. Жарайды, әлемдік масштаб, халықаралық деңгей туралы айтпай-ақ қоялық. Өз үйінде, өз халқыңның ортасында, өз елінде отырып тіліңе қажеттілік туғыза алмасаң, өз тіліңмен нан тауып жей алмасаң, одан асқан қандай бейшаралық болуы мүмкін? Осыны неге ойламаймыз?[4]

Ең алдымен қазақтың біртұтас ұлт ретінде бір тілдік қауымдастықты құрап, тілдік біртектілікке қол жеткізуі – тұтас елдің ішкі бірлігінің нығаюына, мемлекеттік тілдің шын мәніндегі қазақстандықтардың басын біріктіруші факторға айналуына негіз қалайтынын түсінетін уақыт жетті. Міне, сондықтан қазақтар да, өзге этнос өкілдері де осы елдің көркеюін шынымен ойласа, ең алдымен қазақ тілін оқып, мемлекеттік тілдің төңірегіне топтасуы керек. Басқа жолдың ешқайсысы біздің мүддемізге сай келмейді. Қазақ тілінің өрісін тарылтуға, оның ғылым мен білім беру саласындағы қолданысын шектеуге бағытталған жолдың бәрі қазақ ұлтының үлкен наразылығына, тілдік қақтығысқа апарып соғады. Әсіресе, қазіргідей қазақтың ұлттық санасы оянып, табиғи өсім негізінде тілдік ахуал қазақ тілінің пайдасына шешіле бастаған кезеңде мұндай жағдаймен санаспау қатерлі қадам.

Қорытындылай келе, елімізде бір ғана білуге міндетті тіл – қазақ тілі, яғни, мемлекеттік тіліміз болуы қажет. Ешқандай тілді онымен бәсекелестікке немесе бірдей деңгейде қоюдың қажеті жоқ. Білуге міндетті, ұлтаралық қатынас тілі, жұмыстың тілі – қазақ тілі болғанда одан аттап, оны үйренбей, алысқа бара алмайтын болады. Ең бастысы, жүрегі қазақ тілі деп соғып, ана тілін, мемлекеттік тілін құрметтей отыра, басқа тілдерді үйренуге қадам басатын жастарды тәрбиелеск, олардың бәсекелестікке қабілеттілігінің арқасында қазақ тілінің өркендеуіне жағдай жасалса, міне, керемет!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://el.kz/kz/news/archive/content-19737>
2. <http://tilalemi.kz/article/709-.html>
3. «Қазақ үні» газеті. – 2016ж.
4. Итеғұлова С. «Үштілділік – жасампаз Қазақстанның жаңа көкжиегі» мақаласы. – 2016ж.